

Жерге салынатын базалық салық ставкаларын түзету туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі N 01-02/24-13 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 мамырда N 5-6-106 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 ақпандағы N 33/234-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 25.02.2015 N 33/234-V шешімімен. РҚАО - ның ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 387-бабының 1 тармағына, 378, 379, 381, 383 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағы 15) тармақшасына сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудан көлеміндегі тұрғын үй қоры соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жеріне салынатын салықтық базалық ставкаларын заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін 50%-ға көбейтілсін.

2. Аудан көлеміндегі тұрғын үй қоры соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерге салынатын салықтық базалық с т а в к а л а р ы :

- 1) қ а л а б о й ы н ш а :
 - 1 зонадан 3 зонаға дейін - 50% ға;
 - 4 зонадан 6 зонаға дейін - 40% ға көбейтілсін;
- 2) ауылдық кенттік елді мекен бойынша:
 - 1 зонадан 6 зонаға дейін - 30% ға;
 - 6 зонадан 11 зонаға дейін - 20% ға көбейтілсін.

3. Аягөз аудандық мәслихатының 2008 жылғы 12 ақпандағы № 01-02/4-4 " Жерге салынатын салықтық базалық ставкалар туралы" (2008 жылғы 14 наурызда нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-6-67 тіркелген, "Аягөз жаңалықтары" газетінің 2008 жылғы 22 наурыздағы № 12 (636) санында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім Аягөз аудандық әділет басқармасында тіркелген күннен күшіне енеді және ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і .

<i>Сессия төрағасы</i>	<i>А. Мұсапырбеков</i>
<i>Мәслихат хатшысы</i>	<i>М. Темеков</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ